

**«ҮМЗ» АҚ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ САЯСАТЫ**  
(06.10.2020 Басқарманың отырысында қабылданғанның орнына,  
№ 35/1233 хаттама)

«Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамы өз қызметін тұтынушылардың, персоналдың, мемлекет пен акционерлердің ұзақ мерзімді мүдделеріне бағдарлай отырып, атом энергетикасының, электрондық, металлургиялық және өнеркәсіптің басқа да салаларының қажеттіліктері үшін жоғары технологиялық уран, бериллий, тантал және ниобий өнімдерін шығарады.

Біз «ҮМЗ» АҚ-ның әлемдік нарықтағы алатын орны зауыттықтардың бірнеше буынының қайсарлылығы және өнімді еңбегінің нәтижесі болып табылатынын мойындаймыз және климаттың өзгеруін ескере отырып, ең үздік әлемдік тәжірибелер мен үнемді өндіріс құралдарын енгізе отырып, орнықты даму мен корпоративтік мәдениет қағидаттары негізінде одан әрі жетілдіруге ұмтыламыз.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде біз келесі ниеттер туралы мәлімдейміз:

## **1 ТҰТЫНУШЫЛАРҒА ҚАТЫСТЫ**

1.1 Әрбір тұтынушының барлық ағымдағы қажеттіліктерін түсіну және болашақтағы қажеттіліктеріне бағдарлану.

1.2 Тұтынушылардың елдерінде белгіленген қолданыстағы заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкес өндірістік қызметті жүзеге асыру.

1.3 Біздің тұтынушыларымыздың қанағаттануын арттыру.

1.4 Үдерістерді және жалпы менеджмент жүйесін үнемі жақсарту.

Біздің тұтынушылар – бұл қазіргі ахуалымыздың іргетасы және болашақта табысты дамуымыздың кепілі. «ҮМЗ» АҚ-ның халықаралық нарықтағы абыройын (беделін/бейнесін) қолдау әрбір жұмыскерден оның ортақ мақсаттарға қол жеткізуге қосқан үлесінің маңыздылығын түсінуді талап етеді. Басшылық «өнім беруші-тұтынушы» қағидатын өндірістік үдерістердің бүкіл тізбегі бойында іске асыруға шақырады: сапасыз өнімді қабылдамау, өндірмеу және бермеу.

## **2 ПЕРСОНАЛҒА ҚАТЫСТЫ**

2.1 Жұмыскерлермен және олардың өкілдерімен ашық және адал диалог жүргізу.

2.2 Әрбір жұмыскердің құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу.

2.3 Персоналдың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

2.4 Өндірістік қызмет нәтижелерінен жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығының басымдығын белгілей және сезіне отырып, еңбек жағдайын жақсарту, қоршаған ортаға теріс әсерді төмендету.

2.5 Әрбір жұмыскердің денсаулық сақтауды қамтамасыз ету және еңбек қауіпсіздігін, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріне қатысуын қолдау.

2.6 Жұмыскерлердің біліктілігін ұдайы арттыруды, олардың құзыреттілік деңгейін арттыру мақсатында қызметкерлерді жүйелі түрде оқытуды қамтамасыз ету.

2.7 Әрбір жұмыскерді шығармашылықта және жақсартуға бағытталған бастамаларда қолдау.

2.8 Еңбек өнімділігінің өсуіне қарай жұмыскерлердің әл-ауқатының өсуіне ықпал ету.

Біз персоналды өзіміздің басты құндылығымыз деп танымыз. Барлық деңгейдегі басшылардың көшбасшылығы – өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламаларды іске асырудың қажетті құрамдас бөлігі. Басшылық өкілдерінің әлеуметтік жауапкершіліктің жоғары деңгейін көрсетуі жұмыскерлер тарапынан өзара қолдау мәдениетін қалыптастырады. Жұмыскерлердің Қазақстан Республикасының еңбек тәртібін және заңнамасын кез келген бұзуын Басшылық өзіне, әріптестеріне және жалпы қоғамға құрметтемеушілік ретінде бағалайды. Маскүнемдік, нашақорлық, уытқұмарлық, ұрлық, сыбайлас жемқорлық мінез-құлықтың қабылданбайтын нормалары ретінде бағаланады.

### 3 МЕМЛЕКЕТ ПЕН АКЦИОНЕРЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ

3.1 Стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу және пайданы ұлғайту үшін басқару үдерістері мен әдістерін үнемі жақсарту.

3.2 «ҮМЗ» АҚ-ның нарықтық құнын ұлғайтуға ұмтылу.

3.3 Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаруашылық қызметті жүзеге асыру.

3.4 Әлеуметтік бағдарламаларға қатысу.

3.5 Өндірістік қызметтің қоршаған ортаға, персонал мен өңір халқының денсаулығына теріс әсерін төмендету.

3.6 Конфиденциалды ақпаратты қорғау жөніндегі нормаларды ескере отырып, мынадай мәселелерде тұрақты барынша ашықтық қағидатын ұстану:

- өндірістік қуаттарды дамыту;

- өндірістік қызметтің қоршаған ортаға, персонал мен өңір халқының денсаулығына әсері.

Мемлекет, бір жағынан, бизнесті дамыту үшін жағдай жасайды, екінші жағынан – одан тұтастай алғанда қоғам алдындағы міндеттемелерді орындауды күтеді және талап етеді. Мемлекеттің бизнеске ықпалы мемлекеттің экономика мен әлеуметтік саладағы конституциялық құрылымымен, өкілеттіктерімен және функцияларымен алдын ала айқындалады. Мемлекетпен өзара тиімді ынтымақтастық өзара табысты дамудың негізі болып табылады. Заң шығарушылық қызметіне, Қазақстан Республикасының стандарттарын әзірлеуге белсенді қатысу, техникалық реттеу және стандарттау жөніндегі уәкілетті органның қызметтерімен өзара іс-қимыл жасау «ҮМЗ» АҚ-ның да, тұтастай алғанда мемлекеттің де орнықты дамуына үлес қосуға мүмкіндік береді.

Біз, «ҮМЗ» АҚ басшылығы, мәлімделген құрылымдар мен қағидаттарға бейілділігімізді жеке үлгімізбен көрсетеміз және барлық персоналды бізге қосылуға шақырамыз.

**Басқарма Төрағасы**



**Бежецкий**